

Дәріс № 13. Халықаралық саясаттың демократиялануы

Дәріс жоспары:

1. Демократия: үдеріс па іс-әрекет па?
2. Жахандық демократиялану толқыны
3. Жахандану мен Халықаралық саясаттың демократиялануы

Дәріс мақсаты: Бұл тақырыпты бітіргеннен кейін халықаралық саясаттың негізгі ұғым мен құралдарын танымын жасай алады. Жахандану үдерісін анализ жасай алады. Демократия мен демократиялануға қатысты негізгі ұғым мен теорияларды түсіндіре алады. Халықаралық саясаттың жергілікті және жахандық жақтарын демократиялануын тұжырымдай алады. Жахандану және халықаралық демократия арасындағы байланысты зерделей алады. Халықаралық саясат пен демократиялық өзгерістерді, трансформациялар арасындағы интерактив байланысты түсіндіре алатын мағлұмат пен қабілетке ие болады. Сонымен қатар, халықаралық саясат, мемлекет, мемлекет тысындағы актор, ұлыс мемлекет, егемендік, реализм, либерализм, халықаралық ұйымдар, жахандану, демократия, демократиялану, шекараны асқан демократия, демократия көмектері, демократия толқындары, демократияны басқару, демократиялық әлем тәртібі, жақсы басқару, мөлдірлік, есеп бере алу, көпшілік, құқықтың үстемдігі, қатысу, элита, үкіметтік емес ұйымдардың мән-мағынасын түсінеді, түсіндіре алады.

Оқытудың техникалық құралдары: слайдтар, презентациялар, электрондық оқулық.

Дәрістің оқыту әдістері мен түрлері: проблемалық оқыту технологиясы, дамыта оқыту технологиясы.

Дәріс мәтіні: 1. Демократия: үдеріс па іс-әрекет па?

Бүгінгі күні индивидтердің, топтардың, ұйымдардың және мемлекеттердің шешім қабылдау және іс-әрекеттерінің әсерлері барған сайын жахандық маңызы артуда.

Акторлар, процестер мен проблемалар тұрғысынан халықаралық саясат көптеген белгісіздермен теңдеу ретінде күрделене түсуде. Халықаралық саясат және/немесе халықаралық қатынастар тәуелсіз пән ретінде қалыптасуына және қарқынды дамуына ғасырдан астам уақытқа созылғанына қарамастан, пікірталастардың теориялық және практикалық деңгейі, проблемалар мен қиындықтар барған сайын өсті. Мұны түсіну және түйсіну, қамтитын процестер мен акторларды талдау үшін ішкі саясат пен жаһандық саясат арасындағы байланыстардың күрмеуін шешу және пәннің негізгі ұғымдары мен теорияларын, негізгі ұсыныстарын және бүгінгі болып жатқан оқиғалармен байланыстыра отырып түсіну арқылы болады. Реализм, либерализм және нео-нұсқаларымен бірге сыни және конструктивистік теория деп жүргенде жахандық байланыстар мен жаһандық проблемалар жаңадан жетілдірілген теориялардың өзін қысқа мерзім ішінде жарамсыз етіп отыр. Халықаралық жүйе деңгейіндегі жедел өзгеріс жаңа проблемаларды, жаңа қажеттіліктер мен жаңа перспективаларды қажет етеді.

Позитивист теорияның «анархия» ретінде сипаттаған халықаралық қатынастар мемлекетаралық бәсекелестік, күрес немесе тіпті қақтығыс алаңы ретінде қарастырылады. Алайда, жаһандану жағдайында халықаралық аренаға халықаралық ұйымдар, көпұлтты компаниялар (ТНК), халықаралық азаматтық қоғам ұйымдары (НПО), қарулы ұйымдар, әртүрлі діни секта мен ағымдар халықаралық жүйені трансформацияға ұшырататын жаңа күшті актор ретінде пайда бола бастады.

Бір қызығы, бұл акторлардың арасында ассимметриялық байланыс бір мезгілде қақтығыс пен бейбітшілік, татуласу және бәсекелестік сияқты әртүрлі жағдайлар болып жатады. Бұл процессте, әлемдегі интеграциядан басқа, жаңа дипломатиялық қатынастар, халықаралық құқық пен адам құқықтары секілді құндылықтардың жайылуымен бірге демократиялық басқарудың саны бұрынғыдан да көбеюде. Сонымен бірге, реалистердің пікірлеріне қайшы, ішкі және сыртқы саясат арасындағы алшақтық біртіндеп жойылып, екі саясат бір-біріне тікелей әсер ете алатындай жағдайға келді. Бұқаралық ақпарат құралдары, ақпараттық технологиялар, көлік пен байланыс саласындағы революциялық түрдегі технологиялық өзгерістер жахандық деңгейде адамдардың шешім қабылдау

механизмдеріне әсер ету және қатысуға деген ұмтылысын арттырыды. Бұл жағдай халықаралық саясатты демократияландыру туралы пікірталастарға себеп болды.

Сонымен, халықаралық саясатты демократияландыру деген не? Бұл процестің динамикасы қандай? Жаһандық демократиялық тәртіп мүмкін бе? Жаһандық шешімдерде әр адамның немесе әр актордың демократиялық қатысуы қажет пе? Мұндай механизм жұмыс істей ме? Әрине, барлық осы сұрақтарға нақты жауап беру оңай емес. Алайда, демократияландыру әдебиетіндегі пікірталастар, жасалған теориялық талдаулар және қазіргі әлемдік тәжірибелер негізінде аналитикалық шеңбер құруға болады. Бұл бөлімде демократия және демократияландыру процестері мен демократияландыру теориялары халықаралық саясаттағы трансформациялық қатынастар контекстінде қысқаша талқыланады. Осылайша, халықаралық саясатты демократияландыру әсіресе жаһандану аясында талданады.

Халықаралық саясат не?

«Халықаралық саясат» ұғымы басқа қоғамдық ғылымдар сияқты көп қырлы және белсенді болғандықтан, оны бір ауыз сөзбен жеткізетін ортақ бір анықтамаға сыйдыру мүмкін емес. Осылайша, жалпы қабылданған анықтама болмаса да, жиі қолданылатын анықтамалар бар. Бұл анықтамалардың кейбіреуі халықаралық саясатты мемлекетаралық азаматтық және ресми қатынастардың барлық түрлерін қамтитын тұжырымдама ретінде көрсетсе де, бұны жеткіліксіз көріп, жаһанданумен бірге актор мен іс-әрекеттердің алуан түрлілігін көрсететін әлеуметтік, саяси, экономикалық және мәдени барлық қатынастар мен ықпалдастықты қарастыратын анықтамалар да бар. Ежелгі дәуірде көбінесе дипломатиялық шеңбер аясында мемлекетаралық (ресми) қатынастармен шектелген бұл ұғым, уақыт өте келе халықаралық сауда, халықаралық ұйымдар шеңберіндегі өзара іс-қимыл, мемлекеттен жоғарғы және төменгі құрылымдар арасындағы қатынастарды да қамтыды. Тіпті сонымен қатар қоғамдастықтар арасындағы қоғамдық-мәдени іс-шараларды, НПО, ТНК, діни ұйымдар мен қарулы қылмыс ұйымдары секілді мемлекеттің тысындағы акторлар арасындағы қатынастарды қамтиды. Енді халықаралық саясат жаһандық жылыну, халықаралық көші-қон, есірткі айналымы, адам саудасы, ядролық қару және виртуалды қылмыс сияқты жаһандық проблемалар мен байланыс желілері қоса шекараны асқан барлық әрекеттерді қамтитын жағдайға келген.

Бұл саясат экономикалық, әлеуметтік, саяси және мәдени тұрғыдан көп қырлы; уақыт пен мекен тұрғысынан өзгеріске ұшырап тұруымен динамикалық; актор мен процес әртүрлілігімен түсінілуі қиын.

Мұндай қатынастарды түсінікті, мағыналы және болжалды ету үшін әртүрлі әдістер мен тетіктер, жүйелі ой қалыбы мен абстракты бір шама жалпылама жиынтықтар жетілдірілген. Міне бұларға халықаралық қатынастар немесе халықаралық саясат теориялары деуде.

Халықаралық саясат теориялары халықаралық оқиғалардың пайда болу себептерін, акторлердің мақсаты мен құралдарын кейбір абстрактілі қағидаттар немесе өткен оқиғалардан біршама жалпылама түрде анализ асау және болашақтағы болуы мүмкін нәтижелерді алдын ала болжайды.

Тұжырымдамалық, теориялық және әдістемелік проблемалардың, келіспеушіліктер мен пікірталастардың пайда болуы сөзсіз, бірақ түсінікті. Осы күрделі процестер мен әрекеттерді талдау үшін халықаралық қатынастар пәні XX ғасырдың өн бойына реализм мен либерализм деген екі теорияның және олардың нео-версияларымен өзара дау-дамаймен, айтыс-тартыспен уақыт өткізді. 1970 жылдардан бастап әсіресе 80-90 жылдарда аталмыш теориялардың жеткіліксіздігін алға тартып альтернатив теориялар жетілдіріле бастады. Бұлардың арасында марксизм және неомарксизм сияқты позитивист теориялар болғанымен, негізінде сыни конструктивизм, постструктурализм және Франкфурт мектебі сияқты пост-позитивистік теориялар бар. Халықаралық саясаттың демократиялануын, әсіресе жаһандану арқылы айқындалған қайта құруды талдау үшін кейбір теориялардың тиісті негізгі принциптерін білу қажет.

Халықаралық қатынастардың жетекші теориялары: либерализм және реализм

XX ғ. басында халықаралық қатынастар дербес пән ретінде пайда болғаннан бастап либерал/идеалистік және реалистік теория арасындағы пікірталас осы пәннің әдебиетінде «1-үлкен пікірталас» деп айтылды. Әрі пәнде жетекші болып тәртіпке басымдық беріп, оның шегін анықтап, қазіргі таңда жетілдірілген балама теорияларға қарамастан өзінің басымдығын сақтап келеді.

Халықаралық қатынастардың алғашқы теориясы ретінде қабылданған идеализм/либерализм сол кездегі АҚШ Президенті Вудро Вилсонның танымал 14 қағидатындағы өз тағдырын өзі анықтау, ашық(жария) дипломатия және қақтығыстарды Ұлттар Лигасы арқылы бейбіт жолмен шешу І-дүниежүзілік соғыстың соңына қарай либерализмді үстем теория етті. Ғұмыры қысқа болған либерал теория үстемдікті 1930 жылдардың ортасынан бастап реалист теорияға тәрк етуге мәжбүр болған. Дегенмен бәсекелестік бұл жерде біткен жоқ. Керісінше, 1970 жылдардан бастап либералды идеялар алға шыға бастады. Сонымен, либералды теорияның негізгі ұсыныстары қандай?

Әлемдегі бейбітшілік пен халықаралық ынтымақтастықты көздеген либералды теория адам болмысы негізінен жақсы екендігіне назар аударып, халықаралық жүйеде ынтымақтастық пен мүдде ортақтығының мүмкін екенін айтады. ІІ-дүниежүзілік соғыстың шығуы либералист пікірдің сынға ұшырауына себеп болып, реалист пікір халықаралық қатынастар пәнінде үстемдікке ие бола бастады.

Бірақ либерализм 70-жылдардан бастап, халықаралық сауда өзара тәуелділікке себеп болып, бұл өз кезегінде халықаралық бейбітшілікке қол жеткізуге болатынын алға тартты. Бұл халықаралық ұйымдар арқылы халықаралық ынтымақтастық пен мүдде ортақтығын жақтайтын либералды институционализм түрінде көрініс берді.

Қырғи қабақ соғыстан кейін жаһандану процесі күшейе түскен тұста либерализм барған сайын маңызды бола бастады. Либералистердің пікірі бойынша, халықаралық қатынастар анархиялы болуы мүмкін, бірақ бұл ұтымды әрекет болған кезде ынтымақтастыққа кедергі келтірмейді. Халықаралық қатынастарда саяси қатынастар маңызды, бірақ экономикалық қатынастардың да маңызын жоққа шығаруға болмайды.

Қауіпсіздік пен әскери күш шешуші роль атқаруы мүмкін, бірақ экономика сияқты жұмсақ күш элементтері жаһандану жағдайында маңызы одан сайын арта түсті. Халықаралық қатынастарда мемлекеттер жалғыз ойыншы емес, сонымен қатар халықаралық ұйымдар, НПО, ТНК сияқты акторлар әлемдік саясатта маңызды рөл атқара бастады. Бұл теорияның жетекші ойшылдары мен философтарының қатарында Джон Локк, Адам Смит, Имануэль Кант, Томас Джефферсон, Джереми Бентам, Джон С. Милл, Вудро Уилсон, Роберт Кохан, Джозеф Ней және Лиза Мартин бар.

ІІ-дүниежүзілік соғыстың басталуымен либерализм өзінің беделін жоғалтып, реализм басты орынға шықты. Реалистік көзқарас әсіресе қырғи қабақ соғыс кезеңінде үстем теорияға айналды. Бірақ қырғи қабақ соғыстан кейінгі ең көп қойылған сұрақ - реализм әлі де болса жарамды ма, жоқ па деген сұрақ. Себебі реализм жаһандануды «оқу» үшін жеткілікті ұсыныстары жоқ деген пікір басым. Реалистік көзқарас бойынша, халықаралық қатынастар анархиялық болмысқа негізделгендіктен, мемлекеттер өздерінің тіршілік етуін қамтамасыз ету үшін үнемі күш іздейді. Бұл жерде ынтымақтастық жоқ, бірақ бәсекелестік пен жанжал бар.

Әскери күш реализмдегі ұлттық мүддені анықтаудағы маңызды факторболғанымен, қауіпсіздік мемлекеттердің басты басымдығы болып табылады. Сондықтан, «жоғары саясат» ретінде сипатталған сыртқы саясатта қауіпсіздік басымдыққа ие болғандықтан, экономика сияқты жұмсақ күш элементтері басымдыққа ие бола алмайды. Халықаралық қатынастардың жалғыз акторы - мемлекет, ал мемлекеттерден басқа акторлар пассивті болғандықтан халықаралық жүйеде маңызды емес. Бұл тұрғыда халықаралық ұйымдар қуат/күш үшін күрестің бір ғана жағы болғанымен, ішкі және сыртқы саясат бір бірінен бөлек бағыттар. Реализм, либерализм секілді халықаралық қатынастарда бейбітшілікке ұмтылмайды, керісінше дүниежүзілік тәртіптің, жүйенің

камын ойлайды. Реалистік көзқарас бойынша, халықаралық қатынастар қолданыстағы халықаралық жүйені зерттеп қана қоймайды және нормаларды ұсынады. Реализмнің негізгі философтары мен ойшылдары арасында Никколо Макиавелли, Томас Хоббс, Э.Х.Карр, Ханс Моргентау, Джордж Ф.Кеннан, Генри Киссенджер, Кеннет Валц және Збигнев Бжезинский бар.

Балама парадигмалар: сыни теория

Либерализм мен реализм бір-біріне қарама-қайшы екі теория болса да, олардың негізінде көптеген жақтан бір біріне ұқсайтындығы айтылуда. Екеуі де позитивист, мемлекеттің жауапкершілігіне мән берместен, халықаралық қатынастарды анархиялық құрылым ретінде қарастырып, идинтичность (діл) мен мәдениет сияқты мемлекеттік инфрақұрылымды елемейді және оқиғаларды түсіндірер кезде акторлық іс-әрекетті негізге алып түбіне дейін зерттемейтін теориялар.

Жаһандану процесінде ең көп сынға ұшыраған халықаралық қатынастар теориясы - реализм. Сындарлы теория халықаралық қатынастар пәніне идинтичность және мәдениет сияқты жаңа элементтерді қосты.

Осындай сындармен қатар соңғы жылдары халықаралық қатынастар пәнінде балама теориялар жетілдірілді. Бұларды жалпылама түрде сыни немесе пост-позитивистік теориялар деп атайтындар бар. Бұлардың арасында марксизм және неомарксизм сияқты позитивист теориялар болғанымен, негізінде сыни конструктивизм, постструктурализм және Франкфурт мектебі немесе сыни теория мен феминист теория. Бұларға жалпы мағынада «сыни теория» дегендер ауқымын таралтып «пост-конструктивизм» не «пост-модерн» дейді. Конструктивизм ішінара алынып тасталғанымен, кейбіреулер үшін бұл жаңа ұстанымдар теориядан гөрі халықаралық қатынастарға деген көзқарасты білдіруі мүмкін. Өйткені оларда либерализм және реализм сияқты толық түсіндірмелер мен принциптер жоқ. Конструктивизм, позитивистік теорияларды мемлекеттің іс-әрекетінің негізіне мән бермегені үшін сынап, олардың неміскұрайды қараған мәдениет пен идинтичностью сияқты элементтерді өзінің теориясына қосады.

Феминистік теория халықаралық қатынастардың соншалықты қайшылықты және тұрақсыздығын еркек егемен ұғым мен қағидаттардың үстемдік етуімен байланыстырады. Әйелдердің әлемдік саясатта жетекші рөлге ие болуы бейбітшілікке бастайды деуде. Басқа сыни теориялар, керісінше, позитивистік теориялардың кемшіліктерін ашуды таңдады. Сындарлы теория классикалық мемлекет егемендігі шеңберінің тысына шығып адамның бостандығын, еркіндігін басты назарға алғандықтан адам құқықтарына үлкен мән береді. Олардың ойынша халықаралық бейбітшілік адамның жеке болмысы мен мәдениетін мойындаған кезде болады. Халықаралық бейбітшілік мемлекеттер, халықаралық ұйымдармен бірге индивидтер, әлеуметтік қозғалыстар, мемлекеттік емес азаматтық ұйымдардың үлес қосуының арқасында қамтамасыз етілуі мүмкін.

Сыни теоретиктер қоғамаралық қарым-қатынас, интеграция және диалог әлемдік бейбітшілікті орнатуда маңызды рөл атқарады деуде. Сыни теориялардың көрнекті өкілдері - Томас Кун, Роберт Жак Деррида, Мишель Фуко, Мартин Хайдеггер, Эндрю Линклатер, Александр Вендт және Синтия Энлокль.

Глобализация және теория: қай теория?

Жаһандану, қоғамда, коммуникация мен интеграцияда, ТНҚ пен НПО-ларда былайша айтқанда барлық бағыт пен салада белсенді рөл атқаруда. Жаһандану дегеніміз - халықаралық сауда, Интернет, әлеуметтік медиа, климаттың өзгеруі, жаһандық қылмыстық ұйымдар, виртуалды қылмыс және халықаралық көші-қон сияқты кең саланы қамтитын процесс. Жаһандану әр пәнге, әр салаға және кез-келген қоғамға әсер ететіндіктен, осы құбылыстарға жанама түрде әсер ететін екі жақты интерактивті құрылымға ие. Жаһандануға әсер ететін және жаһандану әсер ететін әрбір жеке адамның, қоғамның және мемлекеттің жаһандануы да әр түрлі болады. Теріс әсер ететіндер де, жағымды әсер ететіндер де болуы мүмкін емес. Әлемді «жаһандық ауылға» айналдыратын жаһандану жекелеген, жергілікті, аймақтық және/немесе ұлттық проблемалар мен

шешімдерді жахандандырып жіберген. Қазір әлемдегі көптеген проблемалар сипаты мен ауқымы тұрғысынан бір мемлекет, қоғам немесе актер шеше алмайтын деңгейге жетті.

Мұндай күрделі процестер мен әрекеттерді бір теорияға сыйдыруға болмаған секілді көптеген жағдайда барлық теориялардың тысында болатын көптеген оқиғалар болады. Теория бәрін түсіндіре алады деп күтуге болмайды. Сондықтан, халықаралық қатынастарда, әсіресе әлеуметтік ғылымдарда теорияның өзі де белсенді.

Әрине, уақыт пен мекенге байланысты жаңа теориялар мен жаңа перспективалар жаңа көзқарастар пайда болуы мүмкін. Сондықтан уақыт өткен сайын жаңа теорияларды кездестіру таңқаларлық жағдай болмайды. Жаһандануды қай теория жақсы түсіндіретінін айту қиын, бірақ оның қайсысы жеткілікті дәрежеде түсіндіре алмайтынын анықтау оңай. Бұл тұрғыда ең көп талқыланатын теория және ең көп кемшілігі бар - халықаралық қатынастардың ең күшті теориясы ретінде ұсынылған реализм болып табылады. Реализмнің ұсыныстарына қарап, бүгінгі жаһанданудың өте аз мәселелерімен шұғылданатынын айтуға болады.

Демократияны суреттеу, тану, білу

Демократия дегеніміз – халықтың өзіне қатысты барлық мәселелер бойынша шешім қабылдау тетіктеріне қатысу арқылы өз тағдырын анықтайды. Басқаша айтқанда, демократия дегеніміз - халықтың тікелей немесе олардың өкілдері арқылы халықтың өздерін басқаруы. Тарих бойынша демократия бірнеше трансформациядан өтті: тікелей демократиядан және жалпы дауыс беру қағидатына негізделген өкілдік демократияға, содан кейін қатысушы және келіссөзші демократияға өтуі терминнің қаншалықты жанды екенін көрсетеді. Демократияға қатысу негізгі құқықтар мен бостандықтарды қамтитын формалармен байығанмен, уақыт пен мекенге байланысты әртүрлі мағынаға ие болады. Осы себепті әдебиеттерде демократияның бес жүзден астам анықтамалары айтылған.

Демократия алғашқы кезеңдерде тікелей қатысуымен шағын елді мекендерді басқару түрі болғанмен, өкілетті демократия аясында тіпті бір миллиардтан астам халқы бар Үндістан секілді елдерде жүзеге асырыла алатын басқару формасына енген. Осы аяда бүкіл әлемді қамтитын халықаралық саясаттың демократияландырылуы мүмкін бе?

Демократияны жай халық билігі деп атайды, бірақ оны анықтау үшін жеткіліксіз. Демократия сонымен қатар бұл адамдардың өзін қалай басқаратындығы туралы рецепт ұсынуда. Үкіметтің демократиялық болуы үшін оның белгілі бір демократиялық ерекшеліктері болуы керек. Осы тұрғыдан алғанда, Далдың пікірінше, демократияның негізгі өлшемдері мыналар: әкімшілікке қатысты шешімдер конституция бойынша таңдалған адамдарға беріледі, әділ және еркін сайлау жүйелі түрде белгілі бір мерзім аралығында, жалпы дауыс беру принципі, мемлекеттік қызметтің барлық азаматтарға бөліп-жармай, алаламай, ешқандай кемсітушілік болмастан ашық болуы, сөз бостандығы, мемлекет немесе тұлға немесе қандай да бір мекеме монополия жасай алмайтын әртүрлі ақпарат көздерін пайдалану құқығы, әртүрлі саяси партияларға, үкіметтік емес ұйымдарға және мүдделі топтарға, мүшелікке немесе басқаруға кіру, ұйымдасу құқығының болуы.

Демократия бұрын тек сайлау өткізу арқылы жеткілікті болып көрінгенімен, уақыт өте келе бір шама құндылықтармен байытылды. Бұлар демократиялық билікті шектейтін, бірақ азаматтардың жеке басының құқығын қорғау, азшылықтың құқықтары, сөз бостандығы және бірігу бостандығы, биліктің бөлінуі және заңның үстемдігі сияқты құндылықтар. Мұндағы ең маңызды демократиялық қағидат - қатысу. Демократиялық қатысу - бұл адамның құқығы және демократияның функционалдылығының маңызды факторы. Осы себепті соңғы жылдары демократия саласындағы талқылаулардың маңызды мәселелерінің бірі - қатысу болып табылады. Мемлекеттік емес азаматтық ұйымдар азаматтардың қатысуын қамтамасыз ету сияқты тетіктер арқылы заңнамалық процестерге қатысуды арттыруға тырысуда.

Демократиялану: Бір мәртелік әрекет пен әлде процесс па?

Процесс ретінде демократияландыру - бұл саяси режимнің демократияға қарай эволюциясы, демократиялық емес режимнің демократияға ауысуы немесе жартылай

демократиялы елдің демократиясын жинақыландырып күшейту. Басқаша айтқанда, ел өзінің демократиясын нығайту үшін жасаған барлық әлеуметтік, саяси, құқықтық және конституциялық реформалар демократияландырудың маңызды құралдары болып табылады. Демократияландыру үнемі жалғасып келе жатқан процесс болғандықтан, елдің демократияландыру деңгейін қаншалықты жоғарылатқанына қарамастан, әрқашан оның жоғарғы нүктесі болады. Демократияландыру жүзеге асырылуы үшін кейбір ішкі және сыртқы динамика әрекет етуі керек. Сонымен қатар әлеуметтік, экономикалық және саяси орта құрылуы керек. Демократияландыруға әсер ететін маңызды ішкі факторлардың қатарына демократия тәжірибесі, экономикалық даму, байлық(дәулет), білім беру саласы, орта сыныптың болуы және ауқымы, әлеуметтік мультиплекстеу, саяси жанжалдарды қара күш қолданбастан диалог арқылы шешімін табу, элита қалауының дифференциациясы, азаматтық қоғамның болуы жатады. Сыртқы факторларға халықаралық бәсекелестік, халықаралық климат, институционалды таңдаулар, халықаралық экономикалық немесе саяси қысым, сыртқы күштердің араласуы, ғаламдық коммуникациялар мен БАҚ жатады.

Демократизация процестерін түсіндіретін үш түрлі теорияны атап өтуге болады: модернизация, өтпелі(ауысу) және құрылымдық теория. Модернизация теориясы демократияландырудың маңызды элементі экономикалық даму болып табылады. Ларри Даймонд бастаған теоретиктердің пікірінше, олар елдің даму деңгейі демократияландырудың басты факторы, ал бай елдің демократиялану ықтималы те жоғары деп санайды. Алайда әлемдегі ең үлкен демократиялы ел саналатын Үндістан 1947 жылдан бастап, тәуелсіздік алғаннан бастап және соңғы жылдардағы жетістіктерімен демократияға ие болды. Соған қарамастан Үндістан толық дамыған ел емес.

Өту(өтпелі) теориясы, демократияландыру кезінде экономикалық даму емес саяси элитаның таңдауы айқындаушы екенін алға тартады.

Осы теоретиктердің пікірінше, демократияландыру қозғалыстары әрқашан қоғамды бағыттап отыратын элитаның бастамасымен болған. Бұл теория қоғамдық қозғалыстарды елемегенімен, қоғамдық қозғалыстар әсіресе Латын Америкасын демократияландыруда маңызды рөл атқарды. Структуралистік теория реформалау немесе қолданыстағы құрылымдарды өзгерту арқылы демократияландыруды көздейді. Структурист теоретиктердің пікірінше, тарихи демократияландыру тенденциялары түрінде пайда болған таптың, мемлекеттік және халықаралық күштердің құрылымдық өзгеруі элитаның қалауынан немесе модернизациялаудан әлдеқайда маңызды. Ішкі құрылымдық өзгеріселді демократияландыруда тиімді болғандықтан, әлемдік тәртіптің құрылымдық өзгерісі демократияландыру тенденцияларын анықтайды. Демократияландыру өте ауқымды процесс болғандықтан, оны бір ғана теориямен толық түсіндіру мүмкін емес. Осы себепті, әлемдегі демократияландыру процестерін қарастырғанда, кейбіреулерінде экономикалық даму, кейбіреулерінде элита, ал кейбіреулерінде құрылымдық өзгеріс жетекші орында болған. Бірақ шынайы демократияландыру кейде осы элементтердің біреуін немесе бірнешеуін қамтуы мүмкін.

Жахандық демократиялық толқындар

Демократияландыру - бұл тарихтың прогрессивті тұжырымдамасында айтылғандай, үнемі түзу дамып келе жатқан құбылыс емес. Әлемдегі және елдердегі өзгерістерге байланысты кейде ол дамып, регрессияға ұшырауы мүмкін. Соңғы ғасырда әлемде демократия таралғанымен, кейбір кезеңдерде аймақтық демократияландыру қозғалыстары болуы мүмкін. Осы тұрғыда Сэмюэль Хантингтонның үшінші толқыны: ХХІ ғасырдағы демократияландыру, демократия толқындары белгілі бір уақыт кезеңінде антидемократиялық режимдерден демократияға өткен режимдерді білдіреді. Хантингтонның айтуынша, тарихта демократияның үш толқыны болған. Олар 1-суретте көрсетілгендей;

- Алғашқы толқын ұзақ және баяу 1828 жылдан 1926 жылға дейін жалғасып жатқанда, АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Италия және Аргентина бұл процесте демократияға өтті.

- 1922-1942 жылдарында демократияны жоятын немесе төмендететін кері толқын пайда болды. Ұлтшылдыққа негізделген фашизм мен нацизм осы кезеңде пайда болды және кеңінен таралды.

- II. Демократияландыру толқыны болса 1943-1964 жж.: Батыс Германия, Италия, Жапония, Үндістан, Израиль мен Түркия осы кезеңдегі демократияға өткен елдер қатарында деуге болады.

- Демократияға қарсы толқын 1965-1975 жылдары тәуелсіздік алған елдердің үлкен бөлігінің бір партиялы диктатураға өтуімен көрініс берді.

- Демократияның III.толқыны Латын Америкасына 1970-ші жылдардың аяғы мен 1980-жылдардың басында таралды, ал 70-ші жылдары Испания мен Португалиядан басталды. Демократия 1980 жылдары Азияға, ал 1980 жж. аяғында Орталық және Шығыс Еуропаға, ал 1990 жж. Оңтүстік Африкаға таралды.

Хантингтонның демократизацияның үшінші толқыны басқаларға қарағанда анағұрлым кең және ұзақ мерзімді болды. Кейбіреулер бұл толқын әлі де жалғасуда деп мәлімдейді, соңғы жылдары Таяу Шығыста пайда болған және «Араб көктемі» деп аталатын танымал қозғалыстармен режим өзгерісін демократияның төртінші толқыны деп атайтындар да бар.

Халықаралық саясаттың демократиялануы: жергілікті және жаһандық жақтары

Классикалық реалистік перспективаға негізделген саясаттың ішкі және сыртқы деп бөлінуі, дәл осыған ұқсас түрде моральды егемен саяси қоғам мен моральдық емес анархистік қоғам ұзақ уақыт бойы демократияның шекарасын тағайындады және демократияны ішкі саясатқа қамап тастады. Алайда, бүгінгі жаһандық әлемдік тәртіпте осы айырмашылықты сақтау мүмкін емес және жұмыс істемейді. Өмір мен басқарудың барлық аспектілеріне әсер еткен жаһандану, демократияның таралуы мен тереңдеуін болжайды. Бүгінгі таңда демократия және халықаралық қатынастар туралы әдебиеттерде классикалық шекарадан тыс халықаралық немесе жаһандық демократияландыру туралы айтылады. Халықаралық демократияға қатысты әдебиеттер жаһандану, үшінші халықаралық («Араб көктемі» жағдайындағы төртінші) демократия толқыны және халықаралық қоғамдық қозғалыстар аясында дамуда. Сонымен, халықаралық саясатты демократияландыру нені білдіреді? Халықаралық саясатты демократияландыру мүмкін бе? Бұл үшін қажетті динамика және қозғаушы факторлар қандай?

Халықаралық саясаттың демократиялануы деген не?

Халықаралық саясатты демократияландыруға қатысты әртүрлі теориялық көзқарастар бар. Зерттеудің бірінші бөлігінде атап өткендей, халықаралық қатынастар теориялары пайда болған халықаралық оқиғаларды түсіндіру үшін бір шама жалпылама жетілдіру арқылы оқиғаларды талдауға мүмкіндік береді. Сонымен, бұл теорияларда халықаралық саясатты демократияландырудың түсіндірмесі бар ма? Халықаралық қатынастардың негізгі қатысушылары болып табылатын мемлекеттердің анархиялық халықаралық жүйеде демократиялық тәртіпке кіруі мүмкін бе? Халықаралық саясатты демократияландыру деген кезде не түсіну керек? Халықаралық қатынастар демократия үшін қолайлы климатты ұсына ала ма? Демократия ортақ құндылықтар режимі, тарих пен тәжірибе ме, әлде демократиялық институттардың болуы жеткілікті ме? Осы сұрақтарға жауап іздеген кезде халықаралық қатынастар теориялары мен ұсыныстары ескерілетін болады.

Халықаралық өкілетті демократия ма?

Халықаралық қатынастар теорияларын қарастырған кезде либерализмнің халықаралық қатынастарды демократияландыру тақырыбында маңызды ишаралар бергенін айтуға болады. Әсіресе, либералды институционализм реалполитикаға негізделген халықаралық қатынастардың классикалық түсінігіне қарсы пікірлер жетілдіруде. Заң үстемдігі мен мемлекетаралық ынтымақтастыққа негізделген әлемдік

тәртіпті болжайтын бұл бағыт өзара тәуелділікке және халықаралық сауданың дүниежүзілік бейбітшілікке қосқан үлесі мен әсерін қарастыратын басқа либералды көзқарастарды қолдаған. Халықаралық ұйымдарға негізделген осы ұстаным, халықаралық саясатты демократияландыру көбіне халықаралық ұйымдардағы өкілдіктің теңдігін, осы ұйымдардың ашықтығы мен есептілігін білдіреді. Бұл ұйымдардағы плюрализм мен теңдік сонымен қатар плюралистік және демократиялық әлемдік тәртіпті қалыптастырады. Мұнда ерекшеленетін нәрсе, ұйымдарда елдердің тең өкілдігі, олардың құқықтарын қорғау, билікпен бөлісу, азаматтық, саяси және экономикалық құқықтар және келісім негізінде халықаралық басқару сияқты элементтер өзіндік демократиялық тәртіпті қалыптастырады. Бүкіл осы ерекшеліктердің барлығы ұйымдардың ашықтығын қамтамасыз етсе де, нәтижесінде ұйымдарда жүргізілген дипломатиялық әрекеттер, келіссөздер мен іс-шаралардың халықаралық НПО-лар, халықаралық соттар және халықаралық өзге ұйымдар тарапынан тексеріске ұшырайды. Ашықтық пен бақылаудың бұл түрі демократияның маңызды элементі болып табылатын халықаралық қызметке саяси заңдылықты берер еді.

Халықаралық ұйымдардағы адал өкілдік пен ашықтық бәрінен бұрын эгалитарлық, өкілді және есеп беруші және демократиялық жаһандық басқару тетігін қалыптастыруға ықпал етеді. Соңғы жылдары БҰҰ (БҰҰ), Дүниежүзілік банк (Дүниежүзілік банк), Халықаралық валюта қоры (ХВҚ) және Дүниежүзілік сауда ұйымы (ДСҰ) сияқты жаһандық ұйымдарға адал өкілдік ету және кеңірек қатысуды көздеген реформаның талаптары мен күш-жігері осы бағыттағы дамудың маңызды көрсеткіші болып табылады. Мұндағы ең маңызды сәт, халықаралық ұйымдарға мүше елдердің де демократиялық болуы. Демократиялық елдерден құрылған демократиялық халықаралық ұйымдар өзімен бірге демократиялық әлемдік тәртіпті құра алады. ЕО бұл тұрғыда зерттеуді қажет ететін маңызды институт. ЕО елдері демократиялық елдер, бірақ ЕО-ның ұйым ретінде әжептеуір демократиялық кемшіліктері бар екенін айтыс-тартыс көрсетіп отыр. Бүгінгі ЕО халқының уәкілі болып есептелетін Парламенттің ЕО-ның ең күшті органы бола алмауы соның айқын дәлелі. Осы демократиялық кемшілікті жою үшін Парламенттің өкілеттіктерін біртіндеп арттыруда, бірақ оның өкілеттіктерінің артуы мүше мемлекеттердің мүдделері тең әрі әділ түрде шешімдерде көрініс табатынына кепілдік бермейді. Бұл тұрғыда басты проблема - халықаралық теңгерімсіз күш бөлімінің ұйымдарда қалай көрініс табуы. Мәселен, БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты бес мүшесінің басқа елдермен тең мәртебесі қалай қамтамасыз етіледі? Теңдікті қамтамасыз ету онымен бірге демократияның жоқтығын көрсетеді. Халықаралық ұйымдар неғұрлым ашық әрі өз іс әрекеттеріне есеп беруі мүмкін, бірақ әділ өкілеттік және әлемдік қоғамдастықтың көзқарастары әділ түрде ұсынылмаған жағдайда оны демократия депайту қиын.

Жаһандық қатысушы демократия мүмкін ба?

Реалистік халықаралық қатынастар теориясына сәйкес халықаралық қатынастар анархиялық құрылымға ие. Мемлекеттер бұл жүйенің жалғыз акторы. Қауіпсіздік негізгі мәселе және күшті ұстап тұрудың басты шарты болғандықтан күш саясаты жүйенің беломыртқасын құрайды. Халықаралық саясатты демократияландыру үшін анархистік жүйе мен күшке негізделген саясат түсінігінің өзгеруі керек. Реалистік парадигмаға сәйкес, халықаралық жүйенің бөлігі кейбір нормативті құндылықтардың болуына қарамастан, негізінен күшке негізделген. Сондықтан мемлекеттік егемендік және анархиялы халықаралық жүйе халықаралық демократияға ең маңызды кедергілер болып табылады.

Мұндай жағдайда демократияның орнауы, ең алдымен, әділетсіз құрылымды өзгерту арқылы мүмкін болады. Бұл тұрғыда әлсіз әлем қауымдастықтарының да мүдделерін қорғайтын, оларға мүмкіндік беретін жаһандық күш жүйесі құрылуы керек. Егер демократия теңдік, қатысу, ортақ мүдделерді дамыту және гуманитарлық басқару

сияқты қағидаттарға негізделген жүйе болса, халықаралық шешімдерге адамдар тобын, тіпті мемлекеттерден тыс жеке тұлғалардың қалауына да орын беру керек.

Мұндай көзқарас халықаралық саясаттың төменнен жоғарыға қарай демократиялануын болжайды. Бұл мемлекеттік билікке немесе күшке негізделген халықаралық ұйымдардың әлдеқайда демократиялық құрылымға ие болуы үшін халықаралық азаматтық ұйымдар, бейбітшілік пен әйелдер қозғалысы сияқты қоғамдық қозғалыстарға негізделген демократияландыруды білдіреді. Бұл қоғамдық қозғалыстар қолданыстағы халықаралық ұйымдарды қайта құрудың құралы болып табылады.

Осы себепті, демократиялық тәртіп көбінесе адамдардың қалауы мен мүдделерінің қабылданатын шешімдердегі көрінісі ретінде қарастырылады. Бұл мемлекеттерден тыс адамдардың жаһандық шешімдерде өз үлесінің болуын талап етеді. Басқаша айтқанда, бұл түсінік жаһандық тікелей демократиялық тәртіпті анықтайды. Мұндай нәрсе қазіргі халықаралық жүйенің құрылымында мүмкін емес. Бұл кезде саяси және экономикалық әділеттілік пен теңдікке қол жеткізу үшін қазіргі халықаралық жүйе қайта құрылуы керек. Бұл мүмкін бе? Мүмкін болса, демократиялық тәртіп орнатыла ма? Кейбіреулердің пікірінше, халықаралық жүйенің күшке негізделгені және мықтылардың пайдасын көздеген құрылым екендігі толықтай қабылданған. Сондықтан, егер ортақ мүдделер, ынтымақтастық, теңдік және әділеттілік сияқты адами және демократиялық құндылықтар кеңінен оқытылса, осы қағидаларға негізделген әлемдік тәртіп орнатуға болады. Мұндай тәртіптің орнатылғанына қарамастан, бұл тәртіптің демократиялық болмауы мүмкін деген пікір білдірушілер де бар. Себебі, демократия үшін заңның үстемдігі, орынсыз зорлық-зомбылықтың болмауы және егемен биліктің болуын қажет етеді деген пікірлер де бар. Сол сияқты ортақ діл(идентичность), саяси мәдениет сияқты факторлар да маңызды. Алайда, халықаралық қатынастарда күш қатығысы мен жанжалдар жиі болып тұрады. Әлемдік қауымдастық туралы айтылса да тіпті жаһандану жағдайында кейбір жалпы құндылықтарды қалыптастырғанның өзінде де әлемде ортақ саяси мәдениет туралы айту әлі ертерек. Сол сияқты, халықаралық құқықтың болғанына қарамастан, халықаралық деңгейде заңның үстемдігі туралы айту шындыққа жанаспайды. Себебі халықаралық құқықтың санкциялық күші артып келе жатқанына қарамастан, ол бүгінгі күнге жеткіліксіз. Сондықтан, плюралистік түсініктің өзі халықаралық саясатты демократияландыру мүмкін емес деген пікірі күшейе түсуде.

Халықаралық саясатты демократияландыру теориялық деңгейде талқылана беретін болады, бірақ бүгінгі жаһандық тәртіп бір ғасыр бұрынғы тәртіпке қарағанда әлдеқайда ашық, айқын және белгілі бір дәрежеде демократиялық екендігі ақиқат.

Күрделі деңгейдің сұрақтары:

Реализм жаһандану процесін тануда жеткілікті ма?

Либералистік теория қай кезден бастап сынға ұшырай бастады себебін түсіндіріңіз,

Демократиялану процесін қалай түсіндіресіз?

Орта деңгейдің сұрақтары:

Реализм мен либерализмнің халықаралық қатынастарға қатысты ұстанымдарын түсіндіріңіз.

Реалистік теория жаһандану кезінде өзінің позициясын сақтап қала алды ма? Бір қоғамда демократиялану процесі неліктен жүреді?

Жеңіл деңгейдің сұрақтары:

Реалистік көзқарастың ойшылдары кімдер.

Жоғарғы саясат дегеніміз не оны қай теория жақтауда?

Қырғи қабақ соғыс кезінде қай теория үстемдік етті себебін түсіндіріңіз.

БӨЖ тапсырмалары: Халықаралық саясатта демократияландыру процесіне қатысты көзқарастар және мәселермен айналысып жүрген ғалымдар

ОБӨЖ тапсырмалары: Феминизм ағымының пайда болуы

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

- 1.Халықаралық қатынастар теориясының тарихы, 2017, Торбьорн Л.
- 2.Векторы внешней политики, 2017, К. Токаев
- 3.Diplomasi, 2015, H. Kissinger.
- 4.Uluslararası İlişkiler ve Dünya siyaseti, 2014, P. R. Viotti, M. V. Kauppi.
- 5.Yumusak güç kavramı ve dış Politika, 2013, N. Anaz.
- 6.Uluslararası ilişkilerde temel kavramlar, 2013, M. Griffiths, T. O'Callaghan,
- 7.C. S. Roach Ұлы конвергенция: Азия,Еуропа және бірге әлем логикасы, 2017, М. Кишор
- 8.Бітімгер: Сирия түйіні.Дипломаттың жазбалары, 2017, Н. Онжанов
- 9.Avrasya Çıkılmazı Yeni büyük oyunu kim kazanacak? 2015, O. Gafarlı
- 10.Weber, Habermas ve Avrupa Devletinin dönüşümü.Anayasal,sosyal ve uluslararası demokrasi, 2015, J. P. Cormick
- 11.Rus Dış Politikasında Stratejik, 2014, Halit Mammadov
12. Arap baharı ve Türkiye modeli tartışmaları, 2014, Kireççi M. Diplomaside erdemli güç, 2014, A. Gül
- 13.Нужно ли Казахстану бояться Китая: мифы и фобии двусторонних отношений, 2014, К. Л. Сыроежкин
- 14.Ресейдің сыртқы саясаты (ХІ ғасырдың соңы ХХ ғасырдың басы), 2014,
- 15.М. Сапарғалиев Devlet, Sistem ve Kimlik, 2013, İ. Dağı
- 16.Uluslararası terörizm ve devlet sorumluluğu, 2013, U. Kedikli

Қосымша:

- 1.Arı, T. (2006). Uluslararası ilişkiler ve Dış Politika, İstanbul: Alfa Yayınları.
- 2.Aydın, M. (1996). “Uluslararası ilişkilerde Yaklaşım, Teori ve Analiz”, Ankara Üniversitesi SBF Dergisi, Cilt. 51, Sayı. 1-4, ss.71-114.
- 3.Gönlübol, M. (1993). Uluslararası Politika: ilkeler, Kavramlar, Kurumlar, Ankara: Attila Kitabevi.
- 4.Griffiths, M. (2007). International Relations Theory for the Twenty-First Century: An Introduction, New York: Routledge.
- 5.İskit, T. (2007). Diplomasi: Tarihi, Teorisi, Kurumları ve Uygulaması, İstanbul: Bilgi Üniversitesi Yayınları.
- 6.Pacteau, S., Mougel, F.C. (1993). Uluslararası ilişkiler Tarihi, Çev. G. Üstün, İstanbul: iletişim Yayınlar

Pacteau, S., Mougel, F.C. (1993). **Uluslararası ilişkiler Tarihi**, Çev. G. Üstün, İstanbul: İletişim Yayınları

Singer, D. J. (2006). “Uluslararası ilişkilerde Analiz Düzeyi Meselesi”, **Uluslararası ilişkiler**, Cilt 3, Sayı. 11, Çev. Karakaya, D. ve Demirtaş-Coşkun, B., ss. 3-24.

Sönmezolu, F. (1990). **Uluslararası Politika Dersleri**, İstanbul: Filiz Kitabevi.

Sönmezolu, F. (1995). **Uluslararası Politika ve Dış Politika Analizi**, İstanbul: Filiz Kitabevi.

Sutch, P., Elias, J. (2007). **International Relations: The Basics**, New York: Routledge.

Арыстанбекова А. БҰҰ қайта құру туралы мәселе. // Дипломатия жаршысы, 2008, № 3.

Международные отношения как объект изучения.- Под ред. Цыганкова П.А. – М., 2013.

Цыганков П.А. Теория международных отношений. – Учебное пособие. – М., 2002.Dursun Yıldız, Orta Asya’nın Stratejik suları, Truva Yayınları, 2012.